

## ҮНДІ-ПӘКІСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС: ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

А.Р. Әліпбаев – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар және алемдік экономика кафедрасының доценті, т.г.к.,

А.Түркстанова - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс магистранты

Бұл макалада Үндістан мен Пәкістан арасындағы қактығыстардың тарихы қарастырылады. Кашмир мәселесі аясындағы қактығыстар 1947 жылғы тамыздан бері Үндістан мен Пәкістан қатынастарында шешімін іздеғен ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ол іс жүзінде Британ Үндістанының бүрінші аумағында екі тәуелсіз иеліктің пайда болуымен қатар құрылғып, бүгінгі күнге дейін екіншікта мәселелердің жай ғана бірі болып қоймай, сондай-ақ осы екі көршілес мемлекеттердің қатынастарына тікелей ықпал етуде. «Екі ұлт» (үндіс және мұсылмандар) қағидасы бойынша құрылған секуляристік Үндістан мен мұсылмандық Пәкістан тараپынан Кашмир тағдырын шешудегі көзқарастардың әрқиыл болуы, мәселенің негізін құрауда. Бұл қактығыстардың ерекшелігі, оның жағрапиялық тұргыдан үздіксіз қактығыстар тұғызының тұраксыз өніріге, еркениеттер қактығысының өніріне жататындығында. Осыған орай, осы аймақтың қактығысқа бейімділігін зерделеу ерекше мәнге не болуда.

Тірек сөздер: Үндістан, Пәкістан, БҰҰ, аймақ, келісім, келіссөздер, мемлекет, реттеу, қактығыс, дін, отар, қарулы қактығыс

Адамзат баласы өзінің тарихында қактығыстарды қаруызы саяси жолмен шешүде біраз тәжірибе жинаған сиякты. Бірақ та, тек XX ғасырдың екінші жартысында қактығыстар адамзат баласының өмір сүруіне, тірі қалуына накты қатер-қауіп тұғызытындығы анықталды, сондыктan да ғылыми еңбектерде кең көлемде қактығыстар мәселесін жан-жақты ашу қалыптаса бастады. Оның мақсаты - қактығыстардың ашық, қарулы түрлінің алдын алу, оларды реттеу немесе жөнге салу, сондай-ақ қактығыстарды бейбіт жолмен шешу еді.

Қактығыстардың алдын алу, реттеу жөніндегі зерттеулер, ең алдымен әр түрлі деңгейдегі (мысалы халықаралық және этникалық, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттегі немесе тарихи кезеңдердегі) қактығыстарға және оларды реттеудің тәсілдеріне салыстырмалы талдау жасауга бағытталады. Ғылыми тұрғыдан қактығыстардың ортақ заңдылығын айқындау және оларға салыстырмалы талдау жасау қактығыстардың терең түсінуге және оның мәнін ашуға көмектеседі. Тәжірибелік тұрғыдан мұндай тәсіл қактығыстардың пайда болуы мен дамуы жөнінде болжам жасауга, оны реттеудің тиімді тәсілдерін анықтауга, қактығыстардың одан әрі етек алуын тоқтатуға мүмкіндік береді.

Осы ретте Оңтүстік Азия аймағындағы қактығысты жағдайлар да өзінің шешімін елі тосуда десе болады. Сондай қактығыстардың бірі - Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир мәселесі.

Тарихқа жүгінсек, Үндістан мен Пәкістан мемлекеттері өз тәуелсіздігін алмай тұрып-ақ даулы қактығыстардың ортасында болған еді. Сонау 1846-1947 жылдары Кашмир жартылай тәуелсіз болған кезеңде ақ ислам дінін ұстанушылар қоныстана бастаған болатын. Сол кезеңдегі Ұлыбританияның қол астындағы Үндістан мен Пәкістан үкіметі индуизм ұстанушыларын қолдап, мемлекеттік қызметтерге үндістердің көбірек араластырады. Осыған наразы болған мұсылмандар 1931 жылы үндістермен алғашқы даулы қактығысқа тап болды [1]. Міне, осы кезеңнен бастап Кашмир қактығысы өзінің шешімін іздеуде. Кашмир қактығысы – ішкі аумактық қана қактығыс емес, оның кейін екі ел арасындағы қактығысқа айналуы, аймақтағы қауіпсіздік мәселесін тікелей әсер етуде. Бүгінгі Кашмир мәселесінің шығуының алғы шарты екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге келеді.

1947 жылы акпанды Ұлыбритания премьер-министрі Клемент Эттли лейбористік үкіметтің Үндістанға қатысты жаңа саясаты белгіленген III-декларацияны қабылдайды [2]. Яғни, Декларацияда Ұлыбританияның 1947 жылдың шілдесінде Үндістаннан толық шығатындығы жөніндегі міндеттеме белгіленген еді. Егер осы уақытқа дейін Орталық үкімет қалыптаспаса, онда билік тізгіні провинцияларға беріледі деп шешілген болатын. Елдегі Үнді Ұлттық Конгресі (ҮҰК) мен Мұсылман Лигасы (МЛ) саяси партияларының арасында ортақ пікірдің болмауы, қауым аралық және дін аралық қактығыстардың өріші түсін, сондай-ақ Үндістаннан өзінен қарастырылды. ҮҰК Үндістаннан екі бөлшекке бөлініүне жағдайдан шығудың ең тиімді жолы ретінде қарастырылды. ҮҰК Үндістаннан екі бөлшекке бөлініүне карсы болса, МЛ екіге бөлінүне теориясын ұстанып, соныңда екі партия да тәуелсіздікті қолдады. Осындағы саяси бағыттардың негізінде Британдық Үндістанда 1947 ж. 15 тамызында екі тәуелсіз мемлекет - Үндістан мен Пәкістаннан пайда болғаны белгілі.

Қазіргі кезде көптеген саясатшылар бұл шешімнің кате болғандығын, бірнеше ғасыр бойы бүтін бір өнір болып саналған аймақты екіге бөліп, ымырасыз шиеленістің тууына жол ашты деп айыптаиды.